

# *Заңгер кәсіби іс-әрекетінің психологиясы.*

*Сабақ жоспары:*


- 1. Сот, тергеуші, қорғаушы, кінәлаушы кәсіби іс-әрекеттерінің психологиялық ерекшеліктері.*
- 2. Заңгер іс-әрекетінің кәсіби маңызды жақтары: әлеуметтік, ұйымдастырушылық, куәландырушы, ізденуші, реконструктивті, коммуникативті т.б*

## 1) Заң қызметкерлерінің іс-әрекеті психологиясы:

Тергеу және жедел іздестіру іс-әрекеті психологиясы - қылмысты ашу мен тергеудің психологиялық аспектілерін зерттеп, сонымен қатар криминалды элементтерге ықпал етудің психотехникалық құралдарын жасайтын заң психологиясының саласы болып табылады.

Тергеушілер мен опер қызметкерлер мамандығына тән басты ерекшеліктер «адам-адам» қатынастарына ену, адамдардың психологиясын білу, қылмыстық әрекеттердің заңдылықтар мен механизмдеріне бағдарлану болғандықтан, психологиялық зерттеу әдістері мен ықпал етудің психотехникалық тәсілдерін іске асыру мүмкіндіктері құқық қорғау органдарының аталмыш категорияға қызметкерлерінің кәсіби іс әрекетінің нәтижелілігіне айтарлықтай ықпал етеді.






*Қылмысты тергеу кезінде психологиялық талдау жүргізудің міндеті қылмыстың субъективті жағын (мотив, мақсат, қылмыстағы кінаның мазмұны мен формасы) дәделдеуге кіретін қылымыстық-құқықтық сипаттағы мәселелерді шешуге ғана бағыну емес, сондай-ақ қылмыстық істі тергеуді жоспарлау мен ары қарай оперативті-психологиялық жалғастыру мәселелерін шешуге де бағыну болып табылады.*



2) Заңгер іс-әрекетінің кәсіби маңызды жақтары:

«Заң» деген сөз «қорғау» болып табылады. Осы сөзде барлық заң терминологиясы бар. Негізінен заң маманы үлкен жауапкершілікті, шыдамдылықты, ардақты аса талапты, қатаң түрде ұстауды қажет етеді.



Заң маманының еңбегі әрқашанда қиын. Біріншіден, заң мамандары әртүрлі шешім қабылдаумен мінезделеді. Бұл құқық тарабынан ішіндегі бағдарламасын арттыруда. Әр жаңа істі шешуде тергеушілер, прокурорлар құқық қорғаушылар алынып отырады. Әр істі қарауда жаңартып отырса және заңға жүгініп отырса, ол істің жақсы аяқталуы болып табылады.

Екіншіден, заң маманы тек қиыншылығымен ғана шектелмей әр істе өз таңбасын қалдырады. Әр істе әр заң маманы алдын ала жоспар құрып алады, және әрқайсысы өз маманы бойынша заң ережелеріне міндетті түрде жүгінуі тиіс. Заң мамандығы негізінен, ең жоғарғы деңгейде шыншылдықты, өз еңбегіне мұқияттылықты қажет етеді.

Судьялар үкім шығармас бұрын, олар адамға ең қыбатты, яғни оның ар намысына, тіпті өміріне дұрыс жауапкершілікпен қарауы керек. Барлық төрешілік қызметте заңды қатал ұстаумен қатар адам құқығымен санасқан адамдар да бар.

Осындай адамдар қатарына Анатолий Федорович Кони да жатады. Оның 150 жасқа толған күні 1994 жылы атап өтілді. Ол кісі өз қызметін Петербургта жәй төрешінің қатынасынан бастап, жоғарғы төрешіге дейін қызмет атқара жүріп, сот процестерінің жұмысы жөніндегі бірнеше жазбалар шығарған – А.Ф.Кони өз ісінің білгір маманы болып танылды. Ол кісі сот процесінде – сол сотқа қатысып отырғандарға, әсіресе, прокурорларға ұстамдылықты, жинақы болуды, сыпайыгершілікпен қарау арқылы заңды қатаң ұстауды талап еткен.



Анатолий Федорович Кони

Қорғаушы маманының дәлелдемесін – заң дәлелдемесі деп дәлелдеген. Қорғаушы Л.А.Александров туралы да көп айтылды, ол өзінің бір сот процесінде былай деген: «Мен өз міндетімді тек қана қорғаушы ретінде ғана емес, азамат ретінде атқарғым келеді, яғни, бізге жүктелген міндетте қорғайтындарымыздың талабын ғана емес, көпшіліктің де талабын есепке алуымыз керек».

Сот процесінде жеке мінез танытып қатысушылар алдында «жағымпаздық» көрсету, ең алдымен заң бұзушылық болып

